**«Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезіндегі талдамалық АНЫҚТАМА**

**I.Кіріспе**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021 жылдың 05 желтоқсаны 2022 жылдың 05 желтоқсаны аралығында мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылында 36 мұғалім педагогикалық қызметкерлер және 44 техникалық қызметкер жұмыс жасайды.

Оқушы саны – 171, сынып саны – 13, МАД – 1

Мектеп оқушылары І,ІІ ауысымда оқып білім алады.

Толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Жабасақ ауылы, Ұ.Құлымбетов көшесі №2 ғимарат, телефон: 8 /71339/ - 34-0-21 эл.поштасы: Zhabasakortamektebi@yandex.kz

**II. Ақпараттық- талдамалық бөлім**

«Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986-шы Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы басшылыққа алынып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында мектепішілік іс-шаралар жоспары жасақталған.

Құқықтық актілердің дұрыс жасақталуы үнемі бақылануда. Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобында мектептің бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр.

2) Мүдделер қақтығысы жоқ. Мектеп басшысының туысқандары материалдық-жауапкершілікті жұмыстарға қабылданбаған.

3) Кадрлық тағайындауларға талдау жүргізіледі. Жыл ішінде: 2 маман жұмысқа (қоса атқарушы ретінде уақытша) алынды. (музыка - 1 маман, ағылшын тілі-1 маман - еңбек kz порталы арқылы). Бос орындар www.enbek.kz сайтына жариялана отырып, жұмысқа қабылдау жүргізіледі. 2022 жылдың 11 айында 14 техникалық қызметкер жұмысқа қабылданған.

Мектеп директорларының орынбасарларының бос лауазымдарға қабылдау нұсқаулығы қатаң сақтала отырып жүргізіледі. 2022 жылдың ішінде: мектеп директорының орынбасарлығына жұмысқа қабылданған маман болған жоқ.
4) Мектеп мұғалімдерінің педагогтардың әдеп нормаларына нұқсан келтіретін материалдарды әлеуметтік желілеріне жарияламау /fasebook, mail.ru, instagram, vk/ және сол сияқты бұзушылықтарды алға қарай болдырмауды қамтамасыз ету педагог имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстарының жүргізілуі бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.
5) Мектепті қаржы қамтамасыз ету аудандық білім бөліміінің орталықтандырылған есеп бөлімі арқылы жүргізіледі.
«Сеніп тапсырылған мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салуды алдын-алу мақсатында мемлекеттік мүлікті пайдаланудың бақылауын күшейту» бойынша: мектепте мүліктерге және тауарды материалдық құндылықтарға түгендеу жылма жыл өткізіледі.
6)Мектепте мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес, 2022 жылғы 12 айлығында мемлекеттік қызмет түрінен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мерзімдерін бұзу фактісі болған жоқ.
Мектепте мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді.
Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде дәлізде ақпараттық стенд «Мемлекеттік қызметтер» тақырыбымен жасақталып ілінген, жыл ішінде 1 рет жаңартылды. Шағым кітабына шағым тіркелмеген.
7) Мектепке 2022 жылдың 11 айында өтініш-арыздар түскен жоқ.
8)Мектеп ғимаратында тұрғындар үшін сыбайлас жемқорлық мәселелеріне арналған шағымдар мен ұсыныстарға арналған «Сенім жәшігі» орнатылған.
Оған Мектептің сенім телефоны ретінде 34-0-21 номері бекітілген.
10) Мектепте «Парасатты азамат» тақырыбындағы бұрыш жасақталды. Жыл ішінде материалдары өзгертіліп тұрады.
Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар барысында мектептегі «Адал ұрпақ» клубы қызметінің жұмыстары: өз уақытында жоспарға сәйкесті атқарылып келеді.
«Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу мәнінде мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасын жүзеге асыруда» мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың мақсатын көздеген түрлі жоспарлы шаралар уақытылы өткізілуде.
Жыл ішіндегі өтілген шаралар мониторингі :
9,10 сыныптармен «Сыбайлас – жемқорлық індет,оны жою міндет» сынып сағаты, 5-8 кластар аралығында «Біз Тәуелсіз елдің Адал-болашағымыз!» флешмоб, ата-аналарға аналған жадынама «Сыбайлас жемқорлыққа жол бермейміз», 11-сыныпта «Сыбайлас жемқорлықпен бірге күресейік» дөңгелек үстел, «Біз адал еңбекті қолдаймыз» тақырыбында шығармажазу, «Адалдық – адамдықтың белгісі» сынып сағаттары өткізілді.

Барлық білім беру ұйымдарында ақша жинауды болдырмау, мектеп бітіру мен мерекелерде мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан, оқушылардан ақша жинауды болдырмау шаралары үнемі қатаң қадағалауға алынып отыр. Биылғы оқу жылын бітірушілер үшін салтанатты шаралардан кейін мектеп әкімшілігі тарапынан кештер ұйымдастыру болған жоқ.

Мектеп дәлізінде «Сыбайлас жемқорлыққа- жол жоқ» тақырыбындағы стенді ілінді.

Мектепте жұртшылық арасында насихаттау және түсіндіру жұмыстары басшылары тарапынан бақыланып отыр. Мысалы: сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмыстарының барысы 2021 жылы желтоқсан айында педагогикалық кеңесте қаралды. Сонымен бірге 2022 жылдың 2 желтоксанында мектеп ұжымына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен оқушылардың және олардың ата-аналарының құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылғанымен, алайда, мемлекеттік қызмет көрсетулерге байланысты, халықты ақпараттандыру мақсатындағы мектепішілік құқықтық оқулар мен жергілікті басылым беттеріне жарияланымдар беру мәселесі әлі де жетілдіруді қажет етеді.

10) Мектепке қатысты сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни материалдар жариялануы фактісі орын алған жоқ

11) Мектептегі ұйымдастырушылық- басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық байланысты тәуекелдері анықталған жоқ.

**ІІІ. Қорытынды:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіру;

2) Мектепте сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық жасауға жол бермеуге қатысты шараларды уақытылы өткізіп, әлеметтік желілерде уақытылы жариялым жасау

Ішкі талдауды жүргізгендер:

1.Г.Қосымова - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі

2.М.Сулейменов - мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, хатшысы

**Жұмыс тобының мүшелері**

1.Б.Абдирахманова– мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

2.Н.Жумашев - кәсіподақ ұйымының төрағасы

3.Н.Кенжегулов - психолог

4.А.Абдирахманов - шаруашылық меңгерушісі

Мектеп директоры: ____________________ Г.К.Игисинова

zhabasak_mektebi ...



Статистика Продвигать публикацию

Нравится erbol.kyzyy и ещё 24

**zhabasak_mektebi** "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас

zhabasak_mektebi ...



Статистика Продвигать публикацию

Нравится erbol.kyzyy и ещё 24

**zhabasak_mektebi** "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы "Біз адал еңбекті қолдаймыз!" тақырыбында шығарма жазылды.
#сыбайласжемқорлыққақарсыкүрес

ZHABASAK_MEKTEBI
**Публикации**

zhabasak_mektebi ...



Статистика Продвигать публикацию

Нравится jojojo0104 и ещё 53

**zhabasak_mektebi** "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы "Адам бол, адал бол" тақырыбында дебат өткізілді.
Жетекшісі: С.Оразбайқызы
#сыбайласжемқорлыққақарсыкүрес

8 сентября · Показать перевод

ZHABASAK_MEKTEBI
**Публикации**



Статистика Продвигать публикацию

Нравится jojojo0104 и ещё 52

**zhabasak_mektebi** "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы Жабасақ ЖОББМ-де... ещё

8 сентября · Показать перевод


ZHABASAK_MEKTEBI
Публикации
Статистика
Продвигать публикацию
Нравится jojojo0104 и ещё 52
zhabasak_mektebi "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы Жабасақ ЖОББМ-де... ещё
8 сентября · Показать перевод


ZHABASAK_MEKTEBI
Публикации
Статистика
Продвигать публикацию
Нравится jojojo0104 и ещё 52
zhabasak_mektebi "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы Жабасақ ЖОББМ-де... ещё
8 сентября · Показать перевод



